

Абдукаримова Ж.С.,
Сеюбергенова Д.С.

**ҚР азаматтық іс жүргізуге
қатысушылардың құқықтық
жағдайының құқықтық реттеу
кейбір мәселелері**

Abdukarimova Zh.S.,
Seubergenova D.S.

**Some problems of the legal
adjusting of legal position of
participants of civil procedure
of RK**

Абдукаримова Ж.С.,
Сеюбергенова Д.С.

**Некоторые проблемы
правового регулирования
правового положения
участников гражданского
процесса РК**

Берілген мақалада ҚР азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтық жағдайының құқықтық реттеу мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың оның ішінде соттағы өкілдердің құқықтық жағдайын анықтайтын қолданыстағы азаматтық іс жүргізу заңдарға талдау мен ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар жасалған.

Түйін сөздер: сот процесі, іске қатысушы тұлғалар, тараптар, адвокат, сот өкілі, заңгер.

In the real advanced study some questions of the legal adjusting of legal position of participants of civil procedure are examined in RK. During research scientific conclusions and analysis of operating гражданского of judicial legislation are done in the areas of the legal adjusting of legal position of participants, and judicial representatives in civil procedure.

Key words: trial, persons participating in business, parties, advocate, judicial representative, lawyer.

В настоящей научной работе рассматриваются некоторые вопросы правового регулирования правового положения участников гражданского процесса в РК. В ходе исследования сделаны научные выводы и анализ действующего гражданского процессуального законодательства в области правового регулирования правового положения участников, и судебных представителей в гражданском процессе.

Ключевые слова: судебный процесс, лица, участвующие в деле, стороны, адвокат, судебный представитель, юрист.

**ҚР АЗАМАТТЫҚ
ІС ЖҮРГІЗУГЕ
ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАҒДАЙЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ
КЕЙБІР МӘСЕЛелЕРІ**

Сот билігі – қазақтардың мемлекеттік символы болып табылады. Ұлттық санада да сот билігі халыққа етене жақын тұрған билік саласы болып есептеледі. Би, бүгінгі тілмен айтқанда, судья – ел қамқоры, халық жанашыры әрі ақылшысы бола біледі. Қазақ даласындағы сот билігінің мұраты – сот процесіне қатысушылардың «жеңуі», не «жеңілуінде» емес, екі жақтың «жеңілдеп» шығуында еді. Өйткені, оның басты мақсаты – бітім, бітімгершілік болатын. «Дау мұраты – бітім» деген аталы сөз де сол кезден қалған. Қазіргі күнде біздің еліміздің саяси жүйесінің жаңғыртылуы және әрі қарай дамуы мемлекет дамуының басым бағыттарының бірі ретінде атап көрсетілген. Бұл кездейсоқ емес, өйткені, бәсекеге қабілеттілік көптеген елдердің, соның ішінде Қазақстанның дамуының саяси аспектілерін де анықтай бастады [1].

Өткен 10 жыл ішінде сот жүйесін жетілдірудің бірнеше мәселелері қолға алынып, ауқымды жұмыстар атқарылып, осы күнге дейін әрі қарай жалғасын табууда. Бұл жұмыстар азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, сот жұмысы туралы ақпараттың ашықтығы мен айқындылығына, қолжетімділігіне, сондай-ақ Конституцияның, «сот жүйесі және судьялардың құқықтық мәртебесі» туралы заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталды.

ҚР АІЖК 44-ші бабында іске қатысушы тұлғалардың құрамы берілген. Сот процесінде олар нақты соттық дау бойынша өз мүдделерімен анықталатын түрлі іс жүргізушілік жағдайда болады.

Талап қоюға қатысты істерде істің тараптары (талап қоюшы және жауапкер) ерекше орынға ие; көп жағдайларда істі шешуші судьяның олар жөнінде қандай көзқарасы қалыптасатындығына қарамастан, дәл осы талап қоюшы мен жауапкер сот процесіндегі өз орындарын айқындайды. Талап қоюшы сотқа жүгінгенге дейін өзінің материалдық және өзге де сипаттағы талаптарын кімге қоятындығы жөніндегі сұрақты өз бетінше анықтайды және соған қатысты сот мәні бойынша шешім қабылдауға тиіс болады. Ал жауапкер болса, өз кезегінде, даулы

іс бойынша өз ұстанымын анықтауда сыртқы пікірлерден еркін (талап қоюшы, үшінші тұлғалар және т.б.).

Дау нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар, дау нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар, прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе ҚР АІЖК 56 және 57-шы баптарында көзделген негіздер бойынша процеске қатысатын жекелеген азаматтар; сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен мүдделі адамдар іске қатысушы тұлғалар болып табылады [2].

Азаматтық іс жүргізу бұл сот және басқа субъектілер арасындағы азаматтық іс қарау мен шешу кезіндегі құрылатын азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелген азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастар және процессуалдық әрекеттер жиынтығы. Іс жүргізудің басты мақсаты – бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау болып табылады. Азаматтық іс жүргізу (процесс) соттың, тараптардың (талап қоюшы мен жауапкер), басқа да процеске қатысушылардың (прокурор, өкілдер, сот хатшысы және т.б.) процессуалдық әрекеттерін, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін жинақтайды. Сотқа, басқа да қатысушыларға процеске қатысу мақсатына жету үшін заңмен белгіленген іс жүргізу құқықтары беріліп, соған сәйкес іс жүргізу міндеттері жүктеледі. Іс жүргізу құқықтар мен іс жүргізу міндеттер процесі барысында жүзеге асырылады.

Қазақстанда сот өкілдігінің кешенді стратегиясын дәлме-дәл нақтылау мемлекеттік және қоғамдық институттардың алдында тұрған өзекті мәселе болып табылады. Осыған байланысты мемлекет басшысы өз кезегінде Қазақстанның мемлекеттік құрылымы мен саяси жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған елдегі ірі көлемдегі саяси реформаларды жалғастырудың қабылданған бағытын өзгертпейтінін тағы да атап өтті. Сонымен қатар, мұнда саяси жаңғыртуды жүзеге асыру барысында бұл сферадағы әлемдік тәжірибені де, сондай-ақ қазақстандық нақты жағдайды да есепке алу үлкен маңызға ие болатынын ескертті.

Жалпы процессуалдық заңға сәйкес азаматтар өз істерін сотта өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы және азаматтың іске өзінің қатысуы оның бұл іс бойынша өкілі болу құқығынан айырмайды (ҚР АІЖК-58 -бабының 1-бөлігі).

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларында және еліміздің 2010-2020 жылдарға

арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында сот төрелігін қамтамасыз ету, азаматтық сот ісіне қатысушылардың құқықтарын барынша сақтау, азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын дер уақытында қорғау және қалпына келтіру, қоғам мен мемлекет мүддесі мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Өткен жылғы қарашада болған Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде Елбасы сот жүйесін одан әрі дамыту мен азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіруді тапсырғаны және белгілі.

Кодекстің жаңа редакциясында сот ісіне қатысушылар мен судьялардың процессуалдық құқықтары мен міндеттерінің объективті теңгерімі көзделген. Жоғарыда айтқанымыздай, дауларды реттеудің соттан тыс тетіктерін дамыту үшін жекелеген санаттар бойынша «Дауларды соттан тыс реттеу» деген жаңа тарау енгізіледі. Кәсіби өкілдік ету институтының мәселесі өзектілене түсті. Жобаға сәйкес тараптардың мүддесі үшін басқа адамдардың сотқа қатысу мүмкіндігі сақталады, бұл ретте критерий ретінде олардың жоғары заңгерлік білімінің міндетті түрде болуы белгіленеді. Жоғарғы Сотқа сот актілерін қайта қарауға өтініш беретін тараптардың мүддесін білдіру тиісті аккредиттеуден өткен адвокаттарға бекітіледі. Кассациялық сатыдағы соттың істерді апелляциялық сатыдағы соттың жаңадан қарауына жіберу негіздері азайтылды. Мұндай ереже барлық сот сатыларында мемлекеттік баждың енгізілуімен үйлеседі. Татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану және азаматтық сот ісін жүргізу міндеттерін іске асыру мақсатында жобада дауды бейбіт реттеуге ықпал ету көзделді. «Татуластыру рәсімдері» деген бөлек тарауда медиация тәртібімен дауды шешуге бағытталған бітімгершілік келісімдер мен шарттар жасаудың рәсімдері мен салдарын егжей-тегжейлі реттеу қарастырылады. Бұған қоса, жобада азаматтық істерді қарау тәртібін жеңілдетуге, соның ішінде соттар қызметінде техникалық құралдарды кеңінен қолдану арқылы оңайлатуға бағытталған ережелер бар. Көзделіп отырған барлық шаралар халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарының мүддесін қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, қабылданатын болады [3].

Бүгінгі күннің ақиқаты Қазақстан Республикасының өмірдің әртүрлі саласындағы (экономикалық, мәдени, құқықтық, саяси) бағытында белгілі деңгейге өсуімен белгіленеді. Әрине бұның барлығы, қоғамның демократизациялануымен және әл-ауқатының өсуіне байланысты. Бұл өз кезегінде, біздің азаматтарды құқықты және мүдделерін қорғаудағы мүмкіндігіне сенімін нығайтады.

Сондықтан да, Қазақстанның азаматтары заңды мәселелерді шешу үшін сот органдарына жиі-жиі жүгінуде. Осы тұрғыда Соттағы өкілдік институты да кем мағынада емес.

Сотта өкіл болуға кез-келген әрекет қабілеті бар, тиісті түрде сотта іс жүргізуге (мысалы сенім хат) рәсімделген өкілеттігі бар тұлға қатысады. Осы мәселені зерттей келе, төмендегідей қорытындыға қол жеткіземіз:

ҚР азаматтық іс жүргізу кодексінің 53 бабының 3 тармақшасына сәйкес азаматтың сотта өкілі ретінде адвокат немесе 54 баптың 3, 6 тармақшаларындағы тұлға, ал заңды тұлғаның өкілі ретінде жоғары заң білімі бар заңды тұлғаның қызметкері немесе адвокат. ҚР азаматтық іс

жүргізу кодексінің 54 бабының 1 тармақшасына сәйкес тапсырма бойынша өкілдікті адвокаттар жүзеге асырады. Осы нормаларда келтірілген өкілдік туралы анықтамада, азаматтар мен ұйымдарға адвокаттарды өкіл ретінде жүктеу арқылы адвокаттардың мүддесін үгіттеу, сондықтан да адвокат емес заңгерлердің еңбекке деген конституциялық құқығының бұзылуы байқалады. Сонымен, ҚР азаматтық іс жүргізу кодексінің жобасына 53 бабының 3 тармақшасына, 54 бабының 1 тармақшасына «адвокат», «адвокаттар» сөздерді « заңгер», «заңгерлер» деген сөзбен өзгертуге. Бұл өзгеріс заң қызметінің сапасын арттыруға адвокат пен адвокат емес заңгерлердің бәсекелестігіне жағдай жасауға болады.

Әдебиеттер

- 1 Маликова А.Ш. Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізудегі өкілдер институтын жетілдіру // www.epository.enu.kz
- 2 Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі (2014.29.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // www.online.zakon.kz
- 3 Тасболатова А. Азаматтық іс жүргізу кодексінің жаңа жобасы көпшілік талқылауына ұсынылды // www.egemen.kz

References

- 1 Malikova A.Sh. Kazakhstan Respublikasy azamattyk is zhurgizudegi okilder institutyn zhetildiru // www.epository.enu.kz
- 2 Kazakhstan Respublikasynsng Azamattyk is zhurgizu kodeksy (2014.29.12 berilgen ozgerister men tolyktyrularmen) // www.online.zakon.kz
- 3 Tasbolatov A. Azamattyk is zhurgizu kodeksihsing zhaha zhobasy kopshilik talkylauyna usynyldy // www.egemen.kz